Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"KMG PetroChem" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұдан әрі "Заказчик" деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ _____ атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі "Исполнитель" деп аталатын, _____ негізінде қызмет ететін _____ _____ атынан, екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» мамыр №193) ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді.

Орындаушы, осы Шартқа қол қоя отырып, мынаны растайды: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер мен тыйымдар жоқ; • осы Шартқа қол қоймас бұрын барлық өз кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалайды және сәйкестендірді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Шарттың мәні жұмыскердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруы (бұдан әрі – жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру) болып табылады, осыған байланысты Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Шартта көзделген көлемде және жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

1.2. Жұмыскердің еңбекке жарамдылығын жоғалту не оның қайтыс болу дәрежесін белгілеуге әкеп соққан жазатайым оқиға нәтижесінде өмірі мен денсаулығына залал келтірілген жұмыскердің мүліктік мүддесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі - Әлеуметтік кодекс) 195-1-бабы 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру объектісі болып табылады.

1.3. Шарт бойынша сақтандыру жағдайы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 186-бабының 2-тармағында (бұдан әрі – Еңбек кодексі) көзделген жағдайларда, сондай-ақ Әлеуметтік кодекстің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттар туындаған кезде жұмыскердің (жұмыскерлердің) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсер етуі нәтижесінде болған, оның салдарынан жұмыскердің кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесінің белгіленуіне, кәсіби ауруына немесе өліміне әкеп соқтырған, еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде болған жазатайым оқиға болып табылады.

2. Шартты тоқтату, өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі

2.1. Шарт мынадай жағдайларда күшін жояды:

2.1.1. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған;

2.1.2. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім)) 841-бабына сәйкес Шартты мерзімінен бұрын бұзған;

2.1.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) жүзеге асыруы, жерлеуге жұмсалған шығыстары, первентивті, оңалту шараларын, санаторийлік-курорттық емдеуді жүргізуге жұмсалған шығындарды Шартта белгіленген жалпы сақтандыру сомасы мөлшерінде өтеуді жүзеге асырған.

2.2. Шарттың 2.1-тармағы 2.1.2-тармақшасында көрсетілген негіз бойынша Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру қолданылатын уақытқа пропорционалды сақтандыру сыйақысының бір бөлігіне құқылы.

2.3. Сақтанушы Азаматтық кодекстің (Жалпы бөлімі) сәйкес кез келген уақытта Шарттан бас тартуға құқылы.

2.4. Сақтанушы Шарттан бас тартқан жағдайда, егер бұл Шарттың 2.1-тармағының 2.1.2-тармақшасында көрсетілген мән-жайларға байланысты болмаса, Сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйақысы немесе сақтандыру жарналары қайтаруға жатпайды.

2.5. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу және оны мерзімінен бұрын тоқтату жағдайлары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Шартпен айқындалады.

2.6. Шарттың қолданылу мерзімі ішінде еңбекақы қоры және (немесе) жұмыскерлердің штат саны өзгерген жағдайда, Тараптардың келісімі бойынша Шартқа өзгерістер (сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйақысы мөлшері бөлігінде) Шарттың қолданылу мерзіміне қосымша келісім жасау жолымен енгізіледі. Сақтандыру сыйақысы еңбекақы қорының өзгеріс сомасына мен Шарттың аяқталу мерзіміне қалған мерзімге сүйене отырып есептеледі. Сақтандыру тарифі Шарт жасалған тарифтен қалған сақтандыру кезеңіне пропорционалды есептеледі.

3. Шарттың қолданылуы

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.1. Шарттың 2-қосымшасында көрсетілген Шарттың қолданылу мерзімі басталған күннен бастап, Шартпен белгіленген мерзімде сақтандыру төлеген жағдайда Шарт күшіне енеді және Тараптар үшін міндетті болып табылады. Сақтандыру сыйақысын Сақтанушы Шартта белгіленген мерзімнен кешіктіріп төлеген жағдайда, Шарттың қолданылу мерзімі сақтандыру сыйақысын (100% мөлшерінде алдын ала төлемді) толық көлемде төлеген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі және кейінгі күнтізбелік 12 (он екі) ай бойы қолданылатын болады. Сақтанушының қызметі 12 (он екі) айдан аз мерзімге жүзеге асырылған жағдайда, Шарт осы қызметті жүзеге асыру мерзіміне жасалады.

3.2. Сақтандыру қорғауының қолданылу мерзімі Шарттың 2-қосымшасында көрсетілген Шарттың қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

3.3. Шарттың қолданылу мерзімі, сақтандыру аумағы, сақтандырылушылардың саны Шарттың 2-қосымшасына сәйкес белгіленеді.

4. Сақтандыру сомасы. Сақтандыру сыйақысын төлеу мөлшері, мерзімі және тәртібі

4.1. Сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру сыйақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері Шарттың 2-Қосымшасына және Шарттың осы бөліміне сәйкес белгіленеді.

4.2. Сақтандыру сомасы Шартта көзделген сақтандыру төлем (сақтандыру төлемдерінің) мөлшерінің және (немесе) жерлеуге жұмсалатын шығыстардың, первентивті және оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындар сомасына азайтылады. Сақтандыру сомасы жұмыскерлердің жылдық еңбек ақы қоры өзгерген кезде өзгеруі мүмкін.

4.3. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 2 қосымшасында көрсетілген.

4.4. Шарт бойынша төлем мынадай тәртіппен жүргізіледі:

4.4.1. Сақтандырушы төлем шотын ұсынған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей 100% аванстық төлем (алдын ала төлем) жүргізіледі.

4.5. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

4.6. Веб-порталда электрондық түрде Көрсетілетін қызметтерді қабылдау-беру Актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

4.7. Шот/Шот-фактура Көрсетілген қызметтер актісі негізінде жазылып беріледі және өткізу бойынша айналым жасалған күннен (ҚР салық заңнамасына сәйкес) ерте емес және Көрсетілген қызметтер актісіне қол қойылған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмей жазылуға (күні қойылуға) тиіс.

4.8. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе оған ақы төлеуге қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезінде жүзеге асырылатын төлемдер немесе есептеулер, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Орындаушының шот-фактураларын мойындауын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем шотта қойылған кез келген соманың негізділігін кейіннен даулау құқығын өзінде сақтай отырып жүзеге асырылады.

4.9. Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізілгенге дейін Тараптар Тапсырыс беруші ұсынатын нысанда өзара есеп айырысуларды тексеру актісіне қол қояды. Орындаушы Тапсырыс берушіден алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге өзара есептесулерді тексеру актісіне қол қоюға және ұсынуға міндеттенеді.

4.10. Құжаттар пакетінің, оның ішінде өзара есеп айырысуларды тексеру актісінің тиісінше ресімделмеуіне және/немесе төлемге уақтылы ұсынылмауына байланысты төлемнің мерзімінен кешіктіргені үшін Тапсырыс беруші жауапкершілік алмайды.

5. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері

5.1. Жұмыскердің қайтыс болуына немесе оның кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалтқаны анықталған жағдайда табыстың (кірістің) жоғалуына байланысты келтірілген залалдың мөлшері Азаматтық кодекстің (Ерекше бөлімі) талаптарына сәйкес айқындалады.

5.2. Жұмыскердің кәсіптік еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесін 5 (бес) пайыздан 29 (жиырма тоғыз) пайызды қоса алғанға дейін белгілеуге байланысты табысын (кірісін) жоғалтуына байланысты залалды өтеуді Сақтанушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Жұмыскердің кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесі 30 (отыз) пайыздан 100 (жүз) пайызға дейін белгіленуіне байланысты табысын (кірісін) жоғалтуына байланысты залалды өтеу ретінде жұмыскерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемін Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған аннуитет шартына сәйкес Сақтандырушы жүзеге асырады.

5.3. Сақтандыру төлемінің мөлшері Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке жарамдылығын жоғалту жағдайы бойынша әлеуметтік төлемді шегеру арқылы жүзеге асырылады.

5.4. Жұмыскердің кәсіптік еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесін 1 (бір) жылдан кем мерзімге белгілеуге байланысты табысынан (кірісінен) айырылуына байланысты залалды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемін Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған аннуитет шарты негізінде ай сайын жүзеге асырады. Сонымен бірінші бірінші сақтандыру төлемін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген барлық құжаттар ұсынылған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

асырады.

5.5. Кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесі 1 (бір) жыл және одан ұзақ мерзімге белгіленуіне байланысты жұмыскердің табысынан (кірісінен) айырылуынан келтірілген залалды өтеу ретінде тиесілі сақтандыру төлемі, Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған аннуитет шартына сәйкес, жұмыскердің кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесі белгіленген немесе ұзартылған (қайта куәландырылған) мерзімге тең, бірақ Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа толған мерзімнен аспайтын мерзім ішінде жұмыскердің пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

5.6. Сақтандырушы табыстан (кірістен) айырылуына байланысты келтірілген залалды өтеу ретінде жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және аударылады.

5.7. Жұмыскердің жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болуына байланысты келтірілген залалды өтеу, сондай-ақ оның жазатайым оқиға салдарынан денсаулығының нашарлауына байланысты сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеуге құқығы бар тұлғаларға Азаматтық кодексте (Ерекше бөлімі) белгіленген мерзім ішінде аннуитеттік төлемдер түрінде жүзеге асырылады.

5.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Пайда алушылар болып табылатын өзге де тұлғалар сақтандыру төлемін алу құқығына ие болады.

5.9. Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу тәртібі қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен айқындалады.

5.10. Жұмыскердің денсаулығына залал келтіру салдарынан кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесі белгіленген кезде туындаған қосымша шығыстарды өтеу, 1 (бір) санаторий-курорттық емдеуге төлем шығыстарын қоспағанда, жұмыскер немесе осы шығыстарды көтерген тұлға ұсынған осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде Сақтандырушы жүзеге асырады. Бұл ретте тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетілетін медициналық көмекке жұмсалатын шығыстар өтеуге жатпайды

5.11. Денсаулыққа зиян келтіруден туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемдерін Сақтандырушы осы тарауда белгіленген мөлшерлер шегінде, жұмыскер немесе осы шығыстарды көтерген тұлға осы шығыстарды растайтын құжаттарды ұсынған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

5.12. Денсаулыққа зиян келтіруден туындаған қосымша шығыстарды өтеу жөніндегі жиынтық сақтандыру төлемдері, Сақтандырушы тарапынан кәсіптік еңбекке жарамдылықты жоғалту дәрежесі алғаш белгіленуіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңының 19-бабы 2-тармағында белгіленген мөлшерлер шегінде жүзеге асырылады.

5.13. Кәсіптік еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесі алғаш белгіленгеннен кейін зардап шеккен жұмыскер зардап шеккен жұмыскерді оңалтудың жеке бағдарламасына қарамастан, 1 (бір) рет санаторийлік-курорттық емделуге төлемге жұмсаған шығындарының өтеуін алуға құқылы. Келтірілген шығыстарды өтеу тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 100 (жүз есе) мөлшеріне дейін, осы шығыстарды растайтын құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

5.14. Зардап шегуші жұмыскер қайтыс болған жағдайда, оны жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға Сақтандырушы жерлеуге жұмсалған шығыстарды, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтейді.

5.15. Әлеуметтік кодекстің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген шарттар туындаған кезде жұмыскер зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін алу құқығына ие болады.

5.16. Сақтандыру төлемінің (сақтандыру төлемдерінің) және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығыстардың мөлшері Шартта белгіленген сақтандыру сомасынан асқан жағдайда айырмасы Сақтандырушыға Сақтанушы есебінен төленеді.

5.17. Егер первентивті шараларын жүргізуге арналған шығындар, сақтандыру төлемінің (төлемдерінің) сомасы мен жерлеуге арналған шығыстарды, оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындарды, санаторийлік-курорттық емдеуді ескере отырып, Шартта белгіленген сақтандыру сомасының мөлшерінен асса, онда первентивті шараларды жүргізуге арналған шығындар жүзеге асырылмайды.

5.18. Сақтандыру төлемін аударуға байланысты шығыстар Сақтандырушы есебінен жүргізіледі.

5.19. Сақтанушыға первентативті шараларын жүргізуге жұмсаған нақты шығындарын өтеуді Сақтандырушы сақтандыру сыйақысын толық көлемде төлеген жағдайда және Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде ғана еңбек жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен сақтандыру сыйақысының 6 (алты) пайызынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырады.

5.20. Сақтандырушыға тізбесі «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабында белгіленген сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, Сақтанушы немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлға сақтандыру төлемі туралы талап қояды.

6. Аннуитет шартын жасасу

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6.1. Қызметкердің кәсіптік еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесін белгілеген немесе ұзартқан (қайта куәландырған) немесе оның қайтыс болған жағдайда, жұмыс беруші Сақтандырушы ұсынған нысанда Сақтандырушымен қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты залалды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өтеуге құқығы бар тұлғаның пайдасына аннуитет шартын жасасуға міндетті.

6.2. Аннуитет шарты Қазақстан Республикасының «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген құжаттар ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

6.3. Аннуитет шарты зардап шеккен қызметкердің не қызметкердің қайтыс болуына байланысты залалды өтеуге құқығы бар тұлғалардың Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) талаптарына сәйкес белгіленген мөлшерде және мерзімдерде кіріс алуын қамтамасыз ететін талаптармен жасалады. Аннуитет шарты сақтандыру жағдайы болған кезеңде Шартты жасасқан Сақтандырушымен жасалады.

6.4. Аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйақысы Пайда алушының төлеуіне жатпайды.

7. Зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасу

7.1. Жұмыскердің зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алу өтініші және Әлеуметтік кодекстің 195-1-бабының 1-тармағында көзделген талаптар болған кезде, Сақтанушы Сақтандырушымен, яғни зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға әкеп соғатын оқиға болған кезеңде шарт жасасқан Сақтандырушымен Пайда алушының пайдасына зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасасуға міндетті.

7.2. Зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдері Шарт бойынша сақтандыру сомасы есебінен жүзеге асырылады.

7.3. Сақтанушы еңбек шартын бұзу немесе еңбек шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы ақпаратты еңбек жөніндегі уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізгеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға зейнеткерлік алдындағы аннуитет шартын жасау туралы өтінішпен жүгінеді.

7.4. Өтінішті Сақтанушы Сақтандырушыға Сақтанушының өтініш берілген күні әрекет ететін шартымен бірге ұсынады.

7.5. Зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасу үшін шарт бойынша сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған кезде Сақтанушы зейнетақы алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру сыйақысы мен шарт бойынша сақтандыру сомасының қалған бөліктері арасындағы айырмаға тең сақтандыру сыйақысының сомасын төлеуді жүргізеді.

7.6. Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда, зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты Сақтандырушының есепшотына Сақтанушы сақтандыру сыйақысын толық мөлшерде төлеген күннен бастап күшіне енеді.

7.7. Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату қағидалары, Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шартына қойылатын талаптарды және сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, Зейнетақы алдындағы аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есебінің қағидалары Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 3 қаңтарда № 33876 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 98 қаулысымен бекітілді.

8. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

8.1. Сақтандырушы Азаматтық кодекстің (Ерекше бөлімі) ережелерінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ Еңбек кодексінде көзделген жағдайлар туындаған кезде сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

8.2. Сақтандырушы сақтандыру төлемін беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген өтініш пен барлық құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға бас тарту себептерінің уәжделген негіздемесін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда жіберуге міндетті;

8.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы Сақтанушы (Пайда алушы) сотқа немесе сақтандыру омбудсманын тарту жолымен шағымдана алады. Сақтандырушы сақтандыру омбудсманының шешіміне сот арқылы шағымдануға құқылы.

9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9.1. Сақтанушы құқылы:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.1.1. сақтандыру жағдайы туындағанда қызметкерді куәландыру кезінде еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қатысуы;

9.1.2. өз құқықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ Пайда алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сот тәртібінде қорғау;

9.1.3. шарт талаптарын, Шарт бойынша құқықтар мен міндеттерді Сақтандырушыдан түсіндіруді талап ету;

9.1.4. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тарту;

9.1.5. Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Қазақстан Республикасының Заңнамасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға, немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;

9.1.6. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қатысты дауларды реттеу мақсатында, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасыныңзаңнамасында (бұдан әрі – Сақтандыру қызметі туралы заң) көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы, немесе сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) өтініш пен қоса берілетін құжаттарды жіберу;

9.1.7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіпте первентивті шараларды және (немесе) оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындарды өтеуге.

9.2. Сақтанушы міндетті:

9.2.1. Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру сыйақысын төлеуді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінде бар сақтандыру құжаттарының барлығын сақтауды қамтамасыз етуді;

9.2.2. қызметкердің (қызметкерлердің) кәсіптік тәуекел санаты өзгерген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Сақтандырушыны бұл туралы хабардар ету;

9.2.3. сақтандыру жағдайларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру;

9.2.4. жазатайым оқиғаның басталғаны туралы өзіне белгілі болған сәттен бастап дереу, бірақ 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыны хабардар етуге;

9.2.5. еңбек жөніндегі уәкілетті орган өкілдері мен Сақтандырушының міндетті қатысуымен сақтандыру жағдайларының басталу мән-жайларын тергеуді қамтамасыз ету;

9.2.6. сақтандыру жағдайының басталғандығын, сондай-ақ оның келтірген залалдарын дәлелдеу;

9.2.7. шартта белгіленген мерзімдерде Сақтандырушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген барлық құжаттарды және сақтандыру төлемін есептеу, аннуитеттік шарт жасасу үшін қажетті пайда алушы (оның заңды өкілі) туралы ақпаратты (оның ішінде ұялы байланыс абоненттік нөмірін және (немесе) электрондық пошта мекенжайын) ұсыну;

9.2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыскерлердің міндетті медициналық тексерулерін уақтылы жүргізуді қамтамасыз ету;

9.2.9. жұмыскерлердің сақтандыру жағдайларына дейінгі еңбек жағдайлары туралы құжаттарды еңбек және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға ұсыну;

9.2.10. жұмыскерлерді өндірістен қол үзбей, еңбек қауіпсіздігі әдістері мен тәсілдеріне оқыту;

9.2.11. еңбек жөніндегі уәкілетті органның профилактика мәселелері бойынша шешімдерін, жазатайым жағдайлар нұсқамаларын және тергеуін орындау;

9.2.12. қайта құрылуы немесе таратылуы туралы Сақтандырушыға уақтылы хабарлау;

9.2.13. сақтандыру жағдайынан келтірілген залалды азайту шараларын қабылдау;

9.2.14. осы Шартқа сәйкес зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкердің пайдасына зейнеткерлікке дейінгі аннуитет шартын жасасу және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен еңбекті қорғау қауіпсіздігі жөніндегі ақпараттық жүйеге мәліметтер енгізу;

9.2.15. осы Шартқа сәйкес зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкердің пайдасына зейнеткерлікке дейінгі аннуитет шартын жасасу және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен еңбекті қорғау қауіпсіздігі жөніндегі ақпараттық жүйеге мәліметтер енгізу;

9.2.16. аннуитет шарты, зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті шарт

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жасалған Пайда алушы шарттардың көшірмесін ұсыну.

9.3. Сақтандырушы құқылы:

9.3.1. сақтандыру жағдайларын тергеуге қатысу;

9.3.2. еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі жұмыскерді куәландыру кезінде қатысу;

9.3.3. штат кестесіне немесе Сақтанушы ұсынатын және (немесе) сақтандырушы сұрататын өзге ақпаратқа сәйкес экономикалық қызмет түрлерін кәсіптік тәуекел сыныптарына жатқызудың сәйкестігін тексеруге;

9.3.4. сақтандыру жағдайлары бойынша ақпаратты тексеру және қажеттілігіне қарай тиісті уәкілетті органдарға сұрау салу жіберу;

9.3.5. Сақтанушының объектілерін сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тексеру жүргізуге;

9.3.6. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Ерекше бөлігі), Әлеуметтік кодексінде және Заңнамасында көзделген жағдайларда сақтандыру төлемінен бас тарту;

9.3.7. сақтандыру жағдайларының алдын алу бойынша ұсынымдар беру;

9.3.8. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тарту;

9.3.9. Сақтанушыдан «Қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кездегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 2-тармағында көзделген құжаттарды талап етуге;

9.4. Сақтандырушы міндетті:

9.4.1. Сақтанушыны Шарттың талаптарымен таныстыруға және Шарттан туындайтын оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге;

9.4.2. сақтандыру жағдайы туындаған кезде Қазақстан Республикасының Заңнамасына және Шартқа сәйкес сақтандыру төлемін және жерлеуге жұмсалатын шығыстарды өтеуді жүргізуге;

9.4.3. шарт бойынша сақтандыру қорғаудың қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлама болған кезде оны дереу тіркеуге және осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтерді Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсынуға;

9.4.4. өз қызметі нәтижесінде алынған Сақтанушы мен Пайда алушы туралы мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге;

9.4.5. сақтандыру төлемін беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағында көзделген өтініш пен барлық құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Пайда алушыға бас тарту себептерінің уәжделген негіздемесін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін Сақтанушының (Пайда алушының) сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарламаны жазбаша нысанда жіберуге;

9.4.6. Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алған кезде, Сақтанушының (Пайда алушының) талаптарын қарастыруға және дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге;

9.4.7. Сақтандырушыдан (Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілген өтінішті алған кезде, осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілген құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру омбудсманына жіберуге;

9.4.8. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы кезінде келтірілген залалды азайту үшін жұмсаған шығыстарды өтеуге;

9.4.9. Қазақстан Республикасының «Қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезіндегі жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Заңының 19-бабының 1-тармағында көзделген сақтандыру төлемдері уақтылы жүзеге асырылмаған жағдайда, Пайда алушыға мерзімі өткен әр күн үшін төленбеген соманың 1,5 (бір жарым) пайызы мөлшерінде өсімпұл төлеуге;

9.4.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен тәртіппен тиісті шарт бойынша сақтандыру төлемдерін алуға құқылы жұмыскердің пайдасына аннуитет шартын, Сақтандырушымен зейнетақы алдындағы аннуитет шартын жасасуға;

9.4.11. Шарт мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйақысының 6 (алты) пайызынан артық емес мөлшерде первентивті шараларды жүргізуге жұмсалған шығындарды Сақтандырушыға өтеуге;

9.4.12. Шарт мерзімі аяқталған күнге есептелген сақтандыру сыйақысының 6 (алты) пайызынан артық емес мөлшерде оңалту шараларын жүргізуге жұмсалған шығындарды Сақтандырушыға және (немесе) Пайда алушыға өтеуге;

9.4.13. республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

аспайтын мөлшерде Пайда алушыға санаторий - курорттық емделуге арналған шығыстарды өтеуге;

9.4.14. аннуитет шарты жасалған күннен кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Пайда алушыны (оның заңды өкілін) оның пайдасына жасалған аннуитет шарты туралы хабарлауға;

9.4.15. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеуді Шарттың 3-қосымшасына сәйкес ұсынуға (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

9.4.16. Шарттың 12-тарауында көзделген санкциялық ескерту талаптарын сақтау.

9.5. Пайда алушы құқылы:

9.5.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта белгіленген тәртіппен және талаптармен сақтандыру төлемін алуға;

9.5.2. Сақтанушыдан және Сақтандырушыдан жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру талаптары туралы ақпаратты, сондай-ақ оның пайдасына жасалған аннуитет және зейнеткерлік жасқа дейінгі аннуитет шартының көшірмелерін тегін алуға;

9.5.3. сақтандыру жағдайын тергеу мәселелері бойынша шешімдерді еңбек жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануға;

9.5.4. еңбек жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері бойынша жүгінуге;

9.5.5. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындағаны туралы ақпарат беруге;

9.5.6. сақтандыру жағдайын тергеуге, оның ішінде жұмыскерлердің өкілдерімен немесе өзінің сенім білдірген тұлғасымен қатысуға;

9.5.7. Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін Сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына, жергілікті еңбек инспекциясы органына, уәкілетті еңбек органына немесе сотқа жүгінуге;

9.5.8. Шарттан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгіну;

9.5.9. Сақтандыру қызметі туралы заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына өтініш пен оған қоса берілетін құжаттарды (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі немесе интернет-ресурсы арқылы) жіберуге;

9.5.10. республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспайтын Шартқа сәйкес оңалту шараларын жүргізуге арналған шығындарды және санаторий-курорттық емдеуге арналған шығыстарды өтеуге.

10. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

10.1. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтердің техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

10.2. Көрсетілген Қызметтерді қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері осы Шартпен көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

10.3. Көрсетілген Қызметтердің сапа мәселелері, оның ішінде қабылдаудың қарапайым тәсілімен анықталуы мүмкін болмаған кемшіліктер (жасырын кемшіліктерге) бойынша шағым-талапты Тапсырыс беруші Орындаушыға Қызметтер көрсетілген күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Орындаушы 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда, мұндай наразылық Орындаушы тарапынан танылған болып есептеледі және Орындаушы өз тәуекелі мен шығыстары есебінен хабарламаны алған күннен бастап 14 (он төрт) жұмыс күні ішінде Қызметтердің тиісінше көрсетілуін қамтамасыз етуге және/немесе көрсетілген Қызметтердің сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

10.4. Көрсетілетін қызметтер көрсетілген күннен бастап он төрт (он төрт) күн ішінде Тапсырыс беруші Қызмет көрсетушіге Көрсетілетін қызметтердің тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Көрсетілетін қызметтер Тапсырыс беруші қабылдаған болып саналады және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге тиіс.

11. Кепілдіктер мен Сапа

11.1. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге қолданылатын белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген Қызметтердің сапасына кепілдік береді.

12. Тараптардың жауапкершілігі

12.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапкершілік алады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

12.2. Орындаушының жауапкершілігі:

12.2.1. Орындаушы Көрсетілетін қызметтердегі Елішілік құндылықты есептеу шартының талаптарына сәйкес ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың сомасының 10%-нан аспайтындай өсімпұл төлейді.

12.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы заңнамасының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-ынан аспайтындай әрбір анықталған сәйкессіздік үшін тұрақсыздық айыбы түрінде жауапкершілік алады.

12.2.3. Орындаушы Шартта келісілген Қызметтерді көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір күнтізбелік мерзімі өткен әр күн үшін жалпы соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ жалпы соманың 10% артық емес өсімпұл төлеуге міндетті.

12.2.4. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Орындаушы мерзімі өткен әр күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ жалпы соманың 10% артық емес өсімпұлды Тапсырыс берушіге төлейді.

12.2.5. Осы Шартты орындау үшін тартылатын жұмыскерлерге еңбекақыны Шарт талаптарына сәйкес белгілеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Орындаушы төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті (түпкілікті) актіге Тараптар қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін Шарттың жалпы құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапкершілік алады.

12.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағапны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін төленуге жататын өсімпұл (айыппұл) сомасын осы Шарт бойынша төленуге тиіс сомалардан ұстап қалуына келіседі.

12.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

12.4.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін жалпы соманың 0,1% мөлшерінде , бірақ жалпы соманың 10% артық емес өсімпұл төлеуге тиіс.

12.4.2. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әр күнтізбелік күн үшін жалпы соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ жалпы соманың 10%-нан артық емес айыппұл төлейді.

12.4.3. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарт талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Қызмет көрсету үшін Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

12.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ Сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (жеткізушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

12.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

12.7. Шарттан туындайтын дау болған жағдайда Сақтанушы (Пайда алушы) құқылы:

12.7.1. Сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып, талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберу, немесе.

12.7.2. Сақтандыру қызметі туралы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Шарттан туындайтын дауларды реттеу үшін Сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберу.

12.7.3. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды шешуді қарауға жататын құжаттарды сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

12.8. Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жауапкершілікті алады.

13. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

13.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

13.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа Тәртіптің тиісті тармағында (-тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша өткізілетін (өткізілген) сатып алу шарттарының және/немесе Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгерте алатын өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

13.3. Тапсырыс беруші төмендегі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

13.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 - бабы 2-тармағының негізінде;

13.3.2. Орындаушы өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, сондай-ақ Тәртіпте көзделген өзге де жағдайларда;

13.3.3. Көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізделген тиімсіздігіне байланысты;

13.3.3.1. Төтенше жағдайлар немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

13.3.3.2. Өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/қадағалау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының бақылау кеңесі/жоғары органның (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде жүзеге асырылады. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін Қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға іс жүзінде шеккен шығыстарды өтеген жағдайда жол беріледі.

13.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуына жол берілмейді. Мұндай жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

13.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

13.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттан бас тарту себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні айтылуға тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзу кезінде Орындаушы Шартты орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана Шартты бұзу күніне төлем талап етуге құқылы. Бұзушылықтар жағдайында алдын ала ескерту міндеттемелері қолданылмайды

14. Корреспонденция

14.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса, егер өзгеше түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

14.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттардың Шарт нөмірімен Тараптардың деректемелері болуға тиіс.

14.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуы тиіс кез келген корреспонденция, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар алдын ала ұсынылып және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

14.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (егер ертерек алынғаны расталмаған кезде) қолға берілген сәтте жеткізілген болып есептеледі.

14.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама, пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің хаттың жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

15. Шарттың қолданылу мерзімі

15.1. Осы Шарт екі Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

16. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

16.1. Егер бұл еңсерілмейтін күш мән-жайларының (су тасқыны, жер сілкінісі және басқа да табиғи апаттар, эмбарго, соғыс немесе әскери іс-қимылдар, диверсия, терроризм, мемлекеттік органдардың қызмет көрсетуге тыйым салатын немесе қандай да бір өзге де жолмен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің күшіне енуі) салдары болып табылса, мән-жайлар Тараптардың еркіне тәуелді болмаған және Тараптардың кез келгенінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған жағдайда Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

16.2. Тараптардың кез келгені еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде олар туындаған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде осы мән-жайлардың басталуы туралы екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндетті. Осы мән-жайлар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы берген құжаттың түпнұсқасымен расталуға тиіс.

16.3. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдарлар әрекет еткен уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады.

16.4. Шарттың 17.2-тармағында келісілген тәртіппен хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарап міндеттемені орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген кез келген мән-жайға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

16.5. Егер Тараптардың міндеттемелерді толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі 1 (бір) айдан асатын болса, онда Тараптардың Шартты бұзуға және өзара есеп айырысулар жүргізуге құқылы.

17. Дауларды шешу тәртібі

17.1. Шарттан туындайтын дау болған жағдайда Сақтанушы (Пайда алушы) құқылы:

17.1.1. сақтандырушыға (оның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша өтініш жіберу;

17.1.2. сақтандыру қызметі туралы Заңда көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Шарттан туындайтын дауларды реттеу үшін Сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы) немесе сотқа өтініш жіберу.

17.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Пайда алушыдан) өтініш алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап береді.

17.3. Сақтанушы (Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының (Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды шешуді қарауға жататын құжаттарды сұрау алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

17.4. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады.

17.5. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Атырау облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге жатады.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

18.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе басқа да заңсыз мақсаттарға жету мақсатында белгілі бір тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

18.2. Тараптар мен олардың қызметкерлері осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада анықталған пара беру/алу, коммерциялық сатып алу, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

18.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай соманы, сыйлықтар беру, жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауына бағытталған басқа да тәсілдерді қолданудан бас тартады.

18.4. Егер бір Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе олардың орын алуы мүмкін деген күмән туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

18.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің және оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада осылай сараланатын әрекеттерінен және қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен байқалатын осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе олардың орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

18.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу рәсімдерінің жүргізілуін мойындайды және олардың қадағалануын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар қаупін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

18.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

18.8. Орындаушы төмендегідей ескертулердің кепілдіктерін сақтайды:

